1.3	Санитариялық қағидалар талаптарына сәйкес топ бөлмелерінде орналасқан құрал-жабдықтарды тексеру	3 айда 1 рет	Әдіскер  Мейірбике
1.4	Серуенге шығу алдында ойын алаңын тазарту шараларын жүзеге асыру.	Күнделікті	Тәрбиешілер
II	<b>Балалар, мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерімен алдын алу бойынша іс-шаралар</b>		
2.1	Балалар денсаулығы мен өмірін сақтандыру бойынша дәрістер өткізу.	Жоспар бойынша	Б/б менгеруші
2.2	Мақсатты дәрістер өткізу: - Саяхатқа бару кезіндегі және серуен кезінде балаларды сақтандыру; - Жолдағы көлік салдарынан болатын жағдаяттардың алдын алу бойынша	Саяхатқа және серуенге шығу алдында	Әдіскер

	сақтандыру.		
2.3	Топ ішінде қауіпсіздік бұрыштарын ұйымдастырып, заттық дамытушы орта туғызу.	Қыркүйек айы 2017 жыл	Тәрбиешілер
2.4	Кеңестер өткізу: 1. «Қауіпті жағдайларда балалардың қорқыныш сезімдерінің алдын алу. 2. «Зақым, жарақат алғанда көмек туралы» 3. Жас ерекшеліктік топтарда көшеде және жолда жүрудің қауіпсіздік ережелеріне тәрбиелеу бойынша іс-әрекеттерді ұйымдастыру әдістері.	Қазан айы 2017 жыл	Психолог  Мейірбике  Әдіскер
2.5	«Жолдағы балалар қауіпсіздігі» - хабарлама қағаздарын шығару.	Қараша айы 2017 жыл	Тәрбиешілер
2.6	Түрлі жас топтарында көркем әдебиеттер мен дидактикалық ойындар картотекасын құру.	Қазан Қараша 2017 жыл	Тәрбиешілер
2.7	«Балалар өздеріне қалай көмектесе алады?» тәрбиешілерге арналған жаднамалар даярлау.	Қараша 2017 жыл	Әдіскер
2.8	Педагогтардың тақырып негізіндегі білімдерімен біліктерін анықтау. Сауалнама	Қыркүйек 2017 жыл	Әдіскер
III	<b>Балалармен алдын алу іс-шараларын ұйымдастыру</b>		
3.1	Аталған тақырып негізінде ұйымдастырылған ойын іс-әрекеттерін өткізу.	Жоспар бойынша	Тәрбиешілер
3.2	Тақырыптық әңгімелер өткізу.	Жоспар бойынша	Тәрбиешілер
3.3	Тақырыптық ойындар ұйымдастыру (дидактикалық, сюжеттік-рөлдік, кимылды)	Жоспар бойынша	Тәрбиешілер Дене тәрбиесі нұсқаушысы
3.4	Тақырыптық мерекелер, ойын-сауықтар, саяхаттар ұйымдастыру.	Жоспар бойынша	Музыка жетекшісі
IV	<b>Балалардың зақымдалып, жарақат алуының алдын алу</b>		

4.1	Ата-аналар жиналысы: «Балалардың зақым-жарақат алуының алдын алу»	Желтоқсан айы 2018 жыл	Тәрбиешілер
4.2	«Біздің бағытымыз үйден балабақшаға дейін» Ата-аналарға арналған ақпараттық қағаздар даярлау.	Жоспарға сәйкес	Тәрбиешілер
4.3	«Ата-аналар үшін кеңестер: «Бала денсаулығы біздің қолымызда»	Ақпан айы 2018 жыл	Тәрбиешілер
4.4	<i>Ата-аналар үшін жаднама:</i> 1. Балаларды көшеде абай болуға үйрету» 2. Жолдағы көліктерден зақым, жарақат алудың себептері» 3. «Қоғамдық көліктер аялдамасындағы ережелерді сақтау» 4. Автокөлік ішінде балаларды алып жүру ережесі»	Ақпан Наурыз 2018 жыл	Әдіскер  Топ тәрбиешілері
4.5	<i>Ұсыныстар дайындау:</i> 1. «Үйден шығар алдында» 2. «Жолдан өтерде»	Жоспарға сәйкес	Тәрбиешілер
4.6	<i>Кеңестер:</i> «Мектеп жасына дейінгі бала мінез-құлқының психологиялық ерекшеліктері»	Сәуір айы 2018 жыл	Психолог

### ПЛАН (примерный) «Основы безопасного поведения» у детей 5-6 лет

Цель: формирование основ безопасного поведения

Задачи:

- совершенствовать навыки безопасного поведения в быту, на улице, в условиях природы;
- формирование знаний о строении тела человека, его важных органах, представления об инфекционных заболеваниях;
- расширение знаний об основных продуктах питания. Ознакомление с некоторыми правилами безопасного поведения дома, на улице, в общественных местах:
- обучение умению обращаться к взрослым за помощью при ощущении физической боли у себя и у других детей.

Месяцы	Разделы	Сквозная тема	Методические приемы
сентябрь	Личная гигиена	«Детский сад»	Беседа «Как называется улица на которой ты живешь?» -просмотр картинок с изображением улиц; загадки, д/и «Что расположено вокруг нашего дома»
октябрь		«Растем здоровыми»	Составление плана-схемы «Мой путь в детский сад» -беседа, моделирование ситуаций, рассказ, Беседа «Предметы гигиены. Гигиена и здоровье» -показ предметов ухода за собой, показ иллюстраций, рисование, практическая деятельность
		«Профессии разные нужны,	«Беседа «Как устроен мой организм» Дидактическая игра «Пешеход переходит улицу»; -настольная игра «Юный пешеход», беседа «Опасный
ноябрь			

		профессии разные важны»	перекресток», д/и «Путешествие по городу», сюжетно-ролевая игра «Водители» Беседа «Врачи наши друзья» - знакомство с доктором Неболейко; - показ иллюстраций, беседа с детьми; стихи, педагогические ситуации
декабрь		«Мир вокруг нас»	Просмотр видеофильма «Тонкий лед» - просмотр видеороликов «Поведение зимой», «Опасности на льду», рассматривание иллюстраций, беседа, моделирование ситуаций
январь	Правильное питание	«Мир природы»	Просмотр видеофильма «Пожарный – профессия героическая» - отгадывание загадок, рисование отгадок, д/и «Так – не так», беседа, вопросы-ответы Игра «Продукты питания, помогающие укрепить организм» - беседа «Витамины», стихи, загадки, д/и «Продукты питания, помогающие укрепить организм» Практическое занятие «Правила поведения в природе» - экскурсия, беседа, художественное слово, трудовые действия- поспать деревья снегом
февраль		«Живое и неживое в природе»	Беседа «Дикие животные-лесные звери» - чтение произведения К.Чуковского «Айболит», загадки, игра- драматизация
март		«Техника и мы!»	Игровая деятельность «Ты поранился» - моделирование ситуаций, рассказ, беседа Беседа «Правила обращения с электроприборами» - рассматривание картинок с изображением утюга, пылесоса, электроплитки, миксера, электрической лампы, магнитофона,

	Правила безопасности		телевизора, розетки, электрошнура, вилки; разгадывание загадок об электроприборах; просмотр мультфильмов «Гушение электроприборов»
			Беседа «Острые, колющие и режущие предметы» Чтение произведений, показ иллюстраций, моделирование ситуаций», дидактическая игра «Исправь ошибки»
апрель		«Я и окружающая среда»	Тренинг «Окажем помощь». Скорая помощь 103. -моделирование ситуаций, беседа, игра-тренировка
			Беседа «Зачем нужны дорожные знаки» -встреча, рассматривание картинок с изображением дорожных знаков, загадки о световых сигналах светофора, чтение стихотворения «Зеленый, желтый, красный», дидактическая игра/и «Светофор», тренинг «Что за знак»
май		«Безопасная улица»	Беседа «Животные, которые живут рядом» - рассматривание картинок с изображением разных пород кошек и собак, просмотр мультфильма «Бродячие животные», моделирование ситуации «Встреча с чужой собакой»
			Беседа «Я и мой велосипед» - показ иллюстраций, моделирование ситуаций, подвижная игра, дискуссия на тему «Чем опасна езда на велосипеде по проезжей части», подвижные игры «Ориентирование», упражнения на макете, закрепление с детьми их домашних адресов.

**«Қауіпсіз мінез-құлық негіздері» ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша  
«ДЕНІ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ» сұрақ-жауап сайысы (үлгі)**

**Мақсаты:** Денсаулық сақтау әдістерін білуге, балаларды өзінің денсаулығын адағалауға, түрлі кездейсоқ жағдайларда қауіпсіздік ережелерін қолдануға үйрету.

**Қажетті құрал-жабдықтар:** «Жалын» және «Сұңқар» топтары үшін эмблема; күн тәртібі бейнеленген карточкалар.

Пайдалы азық-түліктер (жемістер, көкөністер, сүт өнімдері, жарма, балық, жұмыртқа, кептірілген жемістер, жаңғақтар, кеспе, нан);

Зиянды азық-түліктер (кепкен нан, қуырылған картоп, кәмпит, балмұздақ, су-сындар, гамбургер);

Сабын, тарақ, тіс щеткасы, беторамал, орамал, жөке, киім щеткасы;

Умаждалған газеттер, сыпыртқы, қалақ, шелек.

Мақтау қағазы.

**Ойынға қажетті атрибуттар:** белгілері бар сұрақтар мен карточкалар.

**Ойын барысы**

Көңілді әуен ырғағымен екі топ бір-біріне қарама-қарсы келіп тұрады.

Жүргізуші : Бүгін біз «Дені саудың- жаны сау» атты сайыс өткізгелі отырмыз.

Сайысқа екі топ қатысады. Топ басшыларына сөз беріледі.

**«Жалын» тобының басшысы:** Біздің топ...

**Балалар:** «Жалын»

**Басшы:** Біздің ұран...

**Балалар:** Жалындап жанамыз!

Білімді боламыз!

**«Сұңқар» тобының басшысы:** Біздің топ...

**Балалар:** «Сұңқар»

**Басшы:** Біздің ұран...

**Балалар:** Сұңқардай қалықтаймыз,

Ізденуден жалықпаймыз!

**Жүргізуші:** «Жалын» тобы, «Сұңқар» тобының барлық қатысушыларымен амандасады! Сендер бір-бірлеріңмен амандасып қана қоймай, бір-біріңе денсаулық сыйладыңдар, өйткені сендер «Сәлеметсіңдер ме!» – деп бір-біріңе денсаулық тіледіңдер.

Балалар орындықтарына отырады.

Педагог «Дені саудың-жаны сау» атты сұрақ-жауап сайысын өткізуді ұсынады.

Жүргізуші әділқазы алқасымен, келген қонақтар және жанкүйерлермен таныстырады. Қонақтар ойынға қатысушыларды қошемет білдіріп қарсы алады.

Сайыс төрт кезеңнен тұрады, әр кезең соңында қорытынды шығарылады.

**I кезең – Бәйге**

Ойынға барлық балалар қатысады, олар 2-3 топқа бөлінеді.



Педагог балаларға сұрақтың жауабын білетін болса, белгі карточкасын көтеруді ұсынады. Әділқазы алқасы карточканы алғаш кім көтергенін анықтап, сол топқа жауап беруіне рұқсат етеді.

#### **Қойылатын сұрақтар үлгісі:**

- Сымбат дегеніміз не? Сымбатты қалай сақтауға болады?
- Бұлшық еттің дамуы үшін не жасау керек?
- Тазалық дегеніміз не?
- Құлақты күту ережелерін ата.
- Көзді қалай күту керек?
- Тері қандай қызмет атқарады? Теріні күту жолдарын айтып бер.
- Ауыз қуысын қалай күту керек?
- Күн тәртібі дегеніміз не?
- Ұйқы және адам үшін ұйқының маңызы.
- Шынығу түрлерін ата.

#### **Тапсырма – «Біздің көмекшілер»**

-Қандай дене мүшесінің көмегімен біз шөп сары, қызанақ қызыл екенін білеміз? (Көздің көмегімен)

-Қандай дене мүшесі арқылы анамыз шақырып жатқанын білеміз? (Құлақтың көмегімен)

-Қай дене мүшесі арқылы қант тәтті, лимон қышқыл екенін, шетен жидегінің ащы екенін, тұздың дәмін білеміз? (Тілдің көмегімен)

-Қандай дене мүшесі арқылы тыныс аламыз, иісті сеземіз? (Мұрынның көмегімен)

**Жүргізуші:** Үстел үстінде нысан бейнеленген карточкалар жатыр. Дыбыс шығаратын нысанды дөңгелекпен белгіле. Шаршымен иісі бар нысанды, үшбұрышпен дәмі бар нысанды белгіле. (Тапсырма әр балаға жеке беріледі.)

#### **II кезең – Тамаша жетілік**

Топ басшылары сұрақтары бар екі-үш карточканы суырып алады.

Жүргізуші сұрақты оқуға көмектеседі. Топ басшылары топқа қайтып, сұрақтың жауабын талқылап, жауап беретін қатысушыны белгілейді. Жеті сұраққа жауап берілсе, барлық топ ұпайға ие болады.

#### **Қойылатын сұрақтар үлгісі:**

- Тамақтану тәртібі не үшін қажет?
- Неліктен жемістер мен көкөністерді көп жеу керек?
- «С» дәрумені бар жемістер мен көкөністерді ата.
- «А» дәрумені бар жемістер мен көкөністерді ата.
- Қандай азық-түліктер денсаулыққа пайдалы?
- Үстел басындағы өзін-өзі ұстау ережелерін ата.
- Тамақтанар алдында қолды не үшін жуу керек?

#### **«Пайдалы және зиянды азық-түліктер»**

**Жүргізуші:** Егер сендерді аналарың дүкенге жіберсе, пайдалы азық-түліктерді таңдай алар ма едіңдер? Қане, ойын арқылы соны тексеріп көрейік.

Эстафета

Бірінші қатысушы қолында себетімен пайдалы және зиянды азық-түліктер бар үстелге жүгіріп барып, ондағы пайдалы азық-түлікті тандап алып, себетіне салады, келесі қатысушыға себетін ұсынады, әрі қарай ойын осылай жалғасады. Жүргізуші ойынды қорытындылап, әділқазы алқасы ұпай санын есептейді.

### III кезең – Тікелей сұрақтар

Сұрақты әділқазылар алқасы, ата-аналар, шақырылған қонақтар қояды.

Қойылатын сұрақтар үлгісі:

- Төтенше жағдайлар қызметінің нөмірін ата.
- Үйдегі қандай қауіпсіздік ережелерін білесің?
- Жолда жүру ережелерін ата.
- Бейтаныс адам өзімен бірге жүруді ұсынса, не істейсің?
- Үйдің мекен - жайын, ата-анаңның телефон нөмірін неліктен білу керек?
- Өрт кезінде не істеу керек?
- Далада кездескен жануарлар қандай қауіп төндіруі мүмкін?
- Табиғат аясында қандай қауіп төнуі мүмкін?
- Улы өсімдіктерді ата.

### «Көмек тізбегі» ойыны

Педагог балаларға кез келген жағдай түрін хабарлайды:

- Үйде өрт.
- Адам суға батып бара жатыр.
- Қыз бала адасып қалды.
- Адам аяғы тайып құлап, жарақаттанып қалды және т.б.

Балалар бір-екі минут ішінде осы жағдайларда қандай әрекет жасайтын дарын атап шығуы керек.

Осыдан кейін әр топ мүшелері қатармен тұрып көмек тізбегін жасап, қандай сөздер айтқандарын естеріне түсіреді.

Мысалы, өрт жағдайында:

- бірінші бала «өрт сөндіруші» сөзін атайды,
- екінші бала «өрт сөндіру көлігі»,
- үшіншісі «өрт құбыршегі» сөзін және т.б.

Қай топтың тізбегі ұзын болса, сол топ жеңіске жетеді.

### V кезең – Шешен (қорытынды)

Топ басшылары 1 минут көлемінде «Неліктен мен өз денсаулығымды сақтағым келеді?» атты тақырыпта ойымен бөліседі.

### Көрермендермен ойын

**Тақырыбы:** Аурудың алдын алу

- Тұмау ауруы
- Жалпақтабандылық
- Омыртқаның қисаюы
- Фитотерапия (шөппен, дәрілік өсімдіктермен емделу)

Жанкүйерлер өз командасына қосымша ұпай алып беруіне болады.

Әділқазылар алқасы жеңімпаздарды анықтап, мақтау қағазымен марапаттайды.

БЕКТЕМІН  
"Әлім" Бекітемін бағдарламасының  
менгерушісі С.Н.Байболова



**"МЕНИҢ ЕЛІМ-МЕНИҢ ЖЕРІМ"  
мектепке дейінгі жастағы балаларды  
патриоттық тәрбиелеу  
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМ**

**Әдіскер: С.Н.Байболова**

**Кентау қаласы**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛЫҚ ШАҚ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

**«МЕНИҢ ЕЛІМ – МЕНИҢ ЖЕРІМ»  
МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫ  
ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕЛЕУ**

---

Әдістемелік ұсыным

АСТАНА  
2014

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің  
«Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы базасында әзірленген

**Пікір жазғандар:**

Ә.Е.Жұмабаева, пед.ғылым.докторы;  
Ф.Н.Жұмабекова, пед.ғылым.канд., доцент;  
А.Т.Төлеуова, әдіскер

«Менің елім – менің жерім» мектепке дейінгі жастағы балаларды патриоттық тәрбиелеу бойынша әдістемелік ұсыным. –Астана, –2014 ж. – 32 б.

Әдістемелік ұсынымда мектепке дейінгі жастағы балаларға патриоттық тәрбиені ұйымдастыру және оның ерекшеліктері, патриоттық тәрбиенің заманауи әдістері мен ұйымдастыру формалары, ата-аналармен жұмыс жоспарын ұйымдастырудың үлгісі берілген.

Әдістемелік ұсыным мектепке дейінгі ұйымдардағы педагог қауымға арналған.

«Мектепке дейінгі балалық шақ»  
республикалық орталығы, 2014

## КІРІСПЕ

Н. Назарбаев өзінің дәстүрлі Жолдауында: «Қазақстанның отаншылдық сезімін тәрбиелеу білім берудің мектепке дейінгі жүйесінен жоғарғы оқу орындарына дейінгі орталықтарда барлық ұйымдарда көкейкесті болып табылады. Балаларды Отанды, туған жерді, өзінің халқын сүйуге тәрбиелеу – мұғалімнің аса маңызды, аса жауапты да қадірменді парызы» - деп көрсеткен.

Әр дәуірдің тарихи кезеңдерінде Отансүйгіштікке тәрбиелеудің өзіндік мүдделері болады. Ол ең алдымен, «ұлтжандылық», «отансүйгіштік», «патриотизм», ұғымдары сол заманның ақиқаты – наным-сенімінен туындайды.

Еліміз егемендік алғаннан бері жас ұрпақ тәрбиесінің темірқазығы – қазақстандық патриотизм болып есептелген. «Қазақстандық патриотизм» ұғымы біздің тәуелсіздігімізбен қоса туған жаңа сөз болып, еліміздегі саяси-әлеуметтік ахуалдың ерекшелігін көрсетеді. Елімізде жүзден аса ұлттар мен ұлыстардың өкілі өмір сүруде. Қазақстан олардың көпшілігінің туған Отаны және бұдан былай да мәңгі тұрақтап қалар мекені болмақ. Сондықтан олардың әрқайсысы Қазақстанды ата-жұртым деп танып, оның тәуелсіздігін қорғауға және материалдық байлығын арттыруға еңбек етуі тиіс. Сол себепті қазақстандық патриотизм ұғымы күнделікті өмірде жиі қолданылып, кеңінен қалыптасып келеді. Бұл ұғымның педагогикалық жүгіне келер болсақ, ол болашақ Қазақстан азаматтарын тәрбиелеумен тығыз байланысты. Қазақстандық патриотизм – Отан – анаға деген сүйіспеншілік пен азаматтық ерлік, өнеге көрсетушілік, бойдағы білім мен білікті, ақыл-парасатты ел игілігіне жұмсау, атамекен мүддесіне арнау болмақ. Өз елінің өткенін, тілін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін құрметтей білу де осы қазақстандық патриотизм құрамына кіреді.

Демократиялық бағыт ұстанып отырған қоғамда, балалар мен жастардың тағдыры өздеріне, отбасының материалдық ахуалына байланысты болып отырған жағдайда патриотизмнің маңызын айқындау басты мәселелердің бірі екені даусыз.

Өсіп келе жатқан жас буындардың бойында қазақстандық патриотизм сезімін қалыптастыру үшін: әр ұлттар мен ұлыстар тек өз мәдениетін ғана танып білуі жеткіліксіз, сонымен қатар олар бір-бірін танып біліп, құрметтеуі тиіс. Балалардың бойында патриоттық сезімді қалыптастыруда ана тілі пәндерінің алатын орны ерекше. Отанын сүйген, елін жаудан қорғау үшін қасық қаны қалғанша аянбай шайқасатын Қобыланды, Қамбар, Ер Тарғын, Алпамыс тұлғалары, ақын-жыраулардың, билердің татулыққа, адамгершілікке, елін сүйуге шақырған өлең жырлары, шешендік сөздері балалардың бойында патриоттық сезімді қалыптастыруда маңызы өте зор.

Өз ұлтына деген патриоттық сезімді қазақ ағартушылары Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев шығармаларынан да байқауға болады. Балаларға патриоттық рух беретін, халық үшін қызмет етуге үндейтін, өз елін қорғау үшін керек десе, жанын қиюға дейін баруға болатынын іспен көрсететін және үстем таптың озбырлық ниеттерін айқын әшкерелеп, оған қарсы күрес жүргізуге шақыратын Махамбеттің қуаты күшті шағын өлеңдерінің балалар үшін маңызы ерекше. Ыбырай атамыз да бар үмітін жас ұрпаққа артты.

Ыбырай атамиздың соңында қалған мұрасының жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру ісіне тигізетін әсері зор. Өйткені патриотизм қашанда, қандай қоғамда да өзінің әлеуметтік мәнін, маңызын жоғалтпайтын ұғым.

Патриотизм туралы идеяларды кезінде өздерінің шығармаларында қазақ даласының ойшылдары Әбу - Насыр әл - Фараби, Хас Хажиб Баласағұн, Махмұд Қашқари, жыршы - жыраулары Асан қайғы, Доспамбет жырау Қалқаманұлы, Махамбет Өтемісұлы айтқан болатын. Аталған ғұламалардың еңбектері еліміздің егемендік алуымен байланысты педагогикалық тұрғыда зерттеліп, бір жүйеге келтірілді.

Патриотизм идеясының дамуына француз материалистерінің, неміс философтарының да қосқан үлесі мол.

Орыс революционер – демократтары да көптеген құнды идеялар көтерді. Жүсіп Баласағұни, Қожа Ахмет Яссауи, Әбу Насыр Әл-Фараби, Махмұд Қашғари т.б. еңбектерінде келелі, пікірлер айтылған.

Патриоттық тәрбиені зерттеуші Ресей ғалымдарының бірі Ю.Н.Галанин «Патриоттық тәрбие – тұлға бойына негізгі рухани құндылықтарды қалыптастыру. Патриоттық сезімін тәрбиелеу, ерлік дәстүрлерге және әлемдік жаһандандыру үрдісіне Ресейдің ғылыми техникалық және мәдени тұрғыда қосқан үлесіне мақтаныш, әр түрлі әскери жағдайларда отанға шын берілген, отан үшін жанын қиюға дайын болу», – деген тұжырым жасай келе, патриоттық тәрбиенің негізгі бағыттарын айқындайды. Бұл: азаматтық тәрбие; азаматтық патриоттық тәрбие; ұлттық патриоттық тәрбие; ерлік-патриоттық тәрбие; әскери-патриоттық тәрбие деп бөліп қарастырады.

Азаматтық тәрбие – азаматтық сезім, сана, тұлғаның азаматтық сапасын, нақты азаматтық бағытын, халқына саналы түрде, өз еркімен қызмет етуге дайын болу. Азаматтық тәрбие азаматтық, азаматтық мәдениет, азаматтық бағыт тұрғысынан сипатталады. Азаматтық, азаматтық мәдениет тұлғаның бойында мектептен, әсіресе бастауыш мектепте қалыптасады дейді.

Азаматтық-патриоттық тәрбие – жастарға қажетті құқықтарын іс жүзінде қамтамасыз етуге, жастар мен мемлекет арасындағы қатынастарды қамтамасыз етуге бағытталады.

Ұлттық-патриоттық тәрбие – оқушылардың бойында кіші отанға деген сүйіспеншілік сезім, ұлттық дәстүр мен мәдениетке құрметпен қарау, өз халқына деген мақтаныш сезімінің қалыптасуы (аз халық болса да).

Дәстүрлі халықтық мәдениет ұлттық мәдениеттің негізгі бөлімі дей келе, халықтық дәстүрлер өмірді түсіну мен бағалауда негізгі орын алатынын еңбектерге талдаулар жасау арқылы нақтылайды.

Ерлік-патриоттық тәрбие – ата дәстүрлердегі ерлік құндылықтарды бағалай білу, оған деген мақтаныш сезім, әскери мамандықтарды, айрықша тарихи күндерді насихаттау. Тарихи күндерді насихаттау, ұлы адамдардың өмірін таныстыру арқылы оқушылардың бойында патриоттық қасиеттерді қалыптастыруда негізгі орын алады.

Әскери патриоттық тәрбие – ерлік-патриоттық тәрбиемен тығыз байланыста оқушылардың бойында терең патриоттық сананы қалыптастыру, отанға қызмет ету және оны қорғау идеясы, Ресейдің әскер тарихына деген

мактаныш сезімін тәрбиелеу, әскери мамандықты меңгеруге баулу, әскери дәстүрлерді сақтау және көбейтуге ат салысу.

Патриоттық сезімнің объектісі мен қайнар көзі – Отан десек, оның мазмұны: туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі тамаша киелі орындар. Олардың адам көкірегіне жылылық, жақындық, туыскандық сезімдерді ұялатып, ізгі де ерлік істердің қайнар көзіне айналуы патриотизмге тәрбиелеудің арқауы. Қасиетті сезім ананың сүтімен бірге өзінен-өзі келмейтін баланың бойында біртіндеп қалыптасатын құдіретті сезім. Бұл сезім әркімде әр кезеңде оянып, кейін кәмелетке келгенде біржола буыны қатып, тәжірибемен, уақытпен, біліммен, қоршаған ортаның ықпалымен, балабақша, отбасы, мектеп, жоғарғы оқу орындары, бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар әсерімен қалыптасады. Патриоттық сезім тұлғада тәрбие арқылы өсіп жетіліп патриоттық сана түрінде қалыптасады.

**Мақсаты:** мектепке дейінгі тәрбие-білім беру үдерісінде патриоттық тәрбие бойынша мектепке дейінгі ұйым педагогтарына әдістемелік көмек көрсету.

**Міндеттері:**

- мектепке дейінгі ұйымдардағы патриоттық тәрбие жағдайын зерттеу;
- мектепке дейінгі ұйымдардағы патриоттық тәрбиенің заманауи әдістері мен ұйымдастыру формаларын жалпылау және жүйелеу.
- «Менің елім – менің жерім» патриоттық тәрбие бойынша вариативті сабақ өткізуге арналған материалдарды таңдау және жүйелеу.

**Күтілетін нәтиже:**

- педагогтардың педагогикалық шеберлік деңгейін және мектепке дейінгі ұйымдарда сапалы білім беру қызметін арттыру.



## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік «Білім» бағдарламасында тәрбие жүйесін жетілдіруге байланысты алдына қойған негізгі мақсаты – «Қазақстандық патриотизм, азаматтық, ізгілік және жалпыадамзаттық құндылықтар идеяларының негізінде тәрбиеленушінің жеке тұлға ретіндегі сапалық қасиетін қалыптастыру» – деп бүгінгі ХХІ жаһандану ғасырында ұлттық мәдениет пен өркениетті өзара кіріктіре отырып, жеке тұлға қалыптастыру көзделіп отыр.

Еліміздің алдыңғы қатарлы 50 мемлекеттің қатарынан көрінуі, экономикалық еркін аймаққа мүше болуға ұмтылысы, біздің алдымызға үлкен маңызды міндеттерді жүктейді. Бүгінгі жаһандану үрдісінде патриотизм ұғымы тек мемлекеттік тұрғыда ғана емес, әлемдік деңгейде бейбітшілік пен тыныштықты сақтау мәселесі тұрғысынан қарастырылады. Қазақстандық патриотизмді әлемдік тыныштық пен бейбітшілікті сақтаудың негізгі бір тұғыры деп айтуға болады.

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа адамгершілік – рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен тәрбиешілер шешуші роль атқарады. Еліміздің болашағы жас ұрпақты тәрбиелеуде бірінші бесік – отбасы, ата-ана тәрбиесі болса, екінші бесік – білім беру ұйымы.

Сонымен, мектепке дейінгі жастағы балаларды патриоттық тәрбиелеу мақсаты – қоғамның әлеуметтік даму жағдайында балаларға патриоттық тәрбие берудің жүйесін айқындай отырып, ұлтаралық қатынас мәдениетін, еліміздің бейбітшілігі мен егемендігін сақтауға, экономикасын дамытуға ықпал ететін тұлғаны қалыптастыруға бағытталды.

Патриоттық тәрбиенің міндеттері төмендегідей:

- білім беру ұйымдарында денсаулығы зор, рухани дүниесі бай, адамгершілікті, тәуелсіз жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін тәрбие жүйесін құру және дамыту;

- балалар мен жастарды отансүйгіштікке, зиялылыққа, адам құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттік рәміздер мен ұлттық дәстүрлерді сыйлауға тәрбиелеу;

- өзінің және қоғамның, болашақ ұрпақ алдында әлеуметтік, табиғи және мәдени ортадағы өз іс-әрекетінің нәтижесі үшін жауапкершілікті сезінуде гуманистік дүниетанымын қалыптастыру және т. б.

Мектепке дейінгі жастағы балаларды патриоттық тәрбиелеудің басым бағыттары айқындалды:

- Азаматтық-патриоттық, құқықтық және полимәдениеттік;
- Рухани-адамгершілік;
- Отбасы тәрбиесі;
- Өзін-өзі тану мен өзін-өзі дамыту қажеттілігін қалыптастыру;

- Әлеуметтік-мәнді және жеке қасиеттерін қалыптастыру;
- Коммуникативтік мәдениетті қалыптастыру;
- Экологиялық;
- Эстетикалық;
- Дене тәрбиесі мен салауатты өмір сүру салтын және денсаулық қорғаушы орта қалыптастыру;
- Еңбек және экономикалық;
- Кәсіби-шығармашылық;
- Интеллектуалды мәдениетті дамыту.

Мектепке дейінгі кезеңдегі тәрбие – адам қалыптасуының алғашқы баспалдағы. Балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы өшпестей із қалдырады. Заман талабына лайық тәрбие білім беру жұмысын кешенді ұйымдастыру жаңа технологияларды, идеялар мен шығармашылық, инновациялық жаңашылдықты қажет етеді. Жас ұрпаққа білім беруді жетілдіру мәселесі толассыз күн сайын өзгеріп тұрған әлеммен бірге жүрері анық. Балабақшада берілетін тәрбие – барлық тәрбиенің бастамасы, әрі жан – жақты тәрбие мен дамыту ісінің түпкі негізін қалайтын орын. Бала бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып олардың өнегелі, тәрбиелі болып өсуіне балабақша ошағының тигізер әсерінің маңызы зор.

Баланың бойында адамгершілік патриоттық тәрбиені қалыптастырудың негізгі міндеттері мына жайлармен түйінделеді:

- ізгілік бастамасымен тәрбиелеу. Өз отбасына, балабақшасына, туған қаласына, көшесіне сүіспеншілікпен, қамқорлықпен қарау;
- табиғатқа қамқорлықпен қарау;
- еңбексүйгіштік, үлкендер еңбегін құрметтеу;
- қазақ халқының салт-дәстүріне қызғушылықпен қарау;
- мемлекеттік рәміздермен таныстыру. Отанға деген сүіспеншілікке тәрбиелеу.

Балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы өшпестей із қалдырады. Заман талабына лайық тәрбие мен білім беру жұмысын кешенді ұйымдастыру жаңа технологияларды, идеялар мен шығармашылық, инновациялық жаңашылдықты қажет етеді. Жас ұрпаққа білім беруді жетілдіру мәселесі толассыз күн сайын өзгеріп тұрған әлеммен бірге жүрері анық. Балабақшада берілетін тәрбие – барлық тәрбиенің бастамасы, әрі жан-жақты тәрбие мен дамыту ісінің түпкі негізін қалайтын орын. Бала бойынан жақсы икемділігі мен мүмкіндіктер аша отырып, олардан жеке тұлға қалыптастыруда маңызы зор (Кесте 1).

Патриоттық тәрбие, ұлттық намыс, ұлттық сана-сезім рухани байлықтан көрініс табады. Олай болса, рухани байлыққа, ең алдымен, тілімізді, дінімізді, салт-дәстүрімізді жатқызсақ, тіл – қазақ болуымыз үшін, дін – адам болуымыз үшін, салт-дәстүр – ұлт болуымыз үшін қажет. Патриотизм сезімінің оянуы мен қалыптасу үрдісін белгілі бір асқақ сезімдерден, мақтаньш-сүйініштен бөле-жара қарауға болмайды. Ол елінің өткен тарихын мақтаньш тұту, жерінің байлығына, әсем көркіне сүйсіну, атадан балаға жалғасып, жақсы үрдісін тапқан ұлттық тілді құрметтеу. Осы сезімдерден туатын, санада орнығып қалыптасатын

асыл қасиеттер ұлттық патриотизм деңгейінде өркен жайып, азаматтық патриотизм биігіне ұласатын сыңайлы. Әрине, бұл өздігінен бола салатын нәрсе емес, ол да нақты тәрбиенің жемісі. Бұл тәрбиенің жемісін еккен әрине, мектеп жасына дейінгі балалар үшін – тәрбиеші, ал орта білім мен жоғарғы білім алушылар үшін – ұстаздар қауымы.

Қазақстан азаматтарын патриотизмге тәрбиелеу – тұлғаның патриоттық сана-сезімін қалыптастыру, патриоттық іс-әрекетін ұйымдастыру. Егеменді елдің азаматын тәрбиелеуде әр тәрбиешінің, әр ұстаздың ең басты мақсаты – дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениеті, парасаты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер бойында игі қасиеттері бар адамды тәрбиелеу.

Адамгершілікті, тәрбиелі адам – кез келген мемлекеттің байлығы, әлеуметтік өмірдегі бейбітшілік пен мәдениеттіліктің кепілі. Ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар арқылы тәрбие беру бала бойындағы сана-сезімді, намысты, парызды қалыптастырумен қатар егемен еліміздің тәуелсіздігін, ынтымағын, бірлігін сақтап қалатын патриот-азамат тәрбиелеуге толық мүмкіндіктердің бар екендігі анықталды.

Қоғамның сұранысына сай «Қазақстан Республикасының жаңа әлеуметтік даму жағдайында тұлғаға патриоттық тәрбие берудің тұжырымдамасы» дайындалды. Патриоттық тәрбие беру тұжырымдамасына талдау жасай отырып:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясына, мемлекеттік рәміздеріне, Қазақстанды мекендейтін барлық халықтардың тарихына, дәстүрлеріне, мәдениетіне және ұлттық ерекшеліктеріне құрметпен қарау.

2. Мемлекеттік тілге, әлемдік тілдерге және ұлтаралық тіл болып есептелетін орыс тіліне, Қазақстанды мекендейтін басқа халықтардың тілдеріне құрметпен қарау.


3. Халықтар арасында сүйіспеншілік пен достықты, дін аралық қатынастар бойынша түсінушілікті қалыптастыруға ықпал ету.

4. Қазақстан Республикасының бейбітшілігі мен тұтастығын, Отанның экономикалық байлығын дамытуға, Отанды қорғауға және жалпыадамзаттық тыныштықты сақтауға әрқашан дайын болу.

5. Жалпыадамзаттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық өркениеттілікті бағалау, құрметтеу (бейбітшілік, тыныштық, қауіпсіздік, еркіндік, ізгілік, тұлғаның еркіндігі мен құқығын қамтамасыз ету).

6. Мектепке дейінгі жастағы балаларға патриоттық тәрбие берудің жүйесін негіздей отырып, ұлттық және әлемдік білім нәрінен сусындаған ғылыми-техникалық прогресс көшіне ілесе алатын патриот тұлғаны қалыптастыру.


7. Мектепке дейінгі жастағы балаларға патриоттық тәрбие беруде балабақшадағы қызметкерлердің өзіндік атқарар міндеті бар.



1-кесте – Мектепке дейінгі жастағы балаларға патриоттық тәрбие беру жүйесі

## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДАҒЫ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРІ МЕН ҰЙЫМДАСТЫРУ ФОРМАЛАРЫ

Тұлғаның бойындағы патриоттық құндылықтарды қалыптастырудың негізгі көзі – отбасы, әулет, әлеуметтік орта, аймақ, мемлекет, әлемдік кеңістік болса, тұлғаның бойындағы патриоттық құндылық – қазақ патриотизмі, ұлттық патриотизм, Қазақстандық патриотизм, жалпыадамзаттық патриотизм арқылы көрініс бере отырып, тұлғаның бойында құндылықтың жоғары көрсеткіштері - мемлекет және ұлт алдындағы міндет, парыз, намыс, ұлттық рух, ұлттық сана, және ұлттық тарихқа, салт-дәстүрге деген сүйіспеншіліктері қалыптасады. Психологиялық тұрғыда патриоттық құндылықтар сапаға айналып, іс-әрекет (тұлғаның «Мені») тұрғысынан көрініс береді (2-кесте).



**2-кесте – Тұлғаның бойындағы патриоттық құндылықтар жүйесі және оны қалыптастырудың факторлары**

Тәрбиенің негізі болып саналатын жалпыадамзаттық құндылықтардың бірі – тәрбиенің басқа адамға деген қажеттілігі, басқа адамдарды сүйе білу қажеттілігі болып табылады. Философиялық тұрғыда рухани құндылық, соның ішінде патриотизм рухани сұраныстарды қанағаттандыратын және тұлғаның рухани әлемін байытуды көздейді. Тұлғаның бойындағы руханилық өлшемдер оның ой-санасында, мінез-құлқында, іс-әрекетінде ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың үйлесуі, қалыптасуы деп көрсетеді.

Жалпыадамзаттық құндылықтар – халықтың, түрлі діннің, әркілі дәуірдің рухани мақсаттарын жақындастыратын құбылыс.

«Құндылық» (И.Кон, В.А.Караковский, А.Г.Здравомыслов, В.А.Ядов, В.П.Тугаринов, С.Қалиев, Ж.Наурызбай, Г.Қ.Нұрғалиева, Р.К.Төлеубекова, т.б.

ғылыми зерттеулерінде) – Отан, адам, тұлға, өмір, адамдардың бір-біріне мейрімділік қарым-қатынасы, шыншылдық, әділеттілік, білім, ғылым, өнер, еңбек, адамның өмір сүруіне деген материалдық жағдайдың болуы, т.б. болып саналады.

Тұлғаның бойындағы патриоттық құндылықты айқындауда жоғарыда патриотизмге берілген анықтамаларға және құндылық, адамгершілік құндылық ұғымдарын философия, педагогика, психология ғылымдары тұрғысынан саралайтын болсақ, тұлғаның бойындағы **патриоттық құндылық дегеніміз** - елі мен туған жерін, Отанын сүю, мемлекеттің тәуелсіздігі мен бейбітшілігін, әлемдік тыныштықты сақтау үшін күресу, өзінің ана тілін, дінін, салт дәстүрін бүгінгі заман талабына сай ұлттық мүдде негізінде жетілдіру, қоғамдағы ізгілік қарым-қатынасты, табиғат пен адам арасындағы мейрімділікті, ұлтаралық мәдениетті дамыту.

Балалардың бойына патриоттық құндылықтарды қалыптастыруда қойылатын негізгі талаптар айқындалды:

- балабақшадағы және топтағы жүргізілетін патриоттық тәрбие жүйесімен өзара байланыста жүргізілуі, пән аралық байланыс, өткен тақырыптармен жүйелі сабақтастық;

- топтың алдына қойылатын мақсатының нақты болуы және педагогикалық тұрғыда негізделуі;

- сабақтың құрылымында патриоттық тәрбиеге арналған мазмұнның қамтылуы, сабақ мазмұнының балалардың патриоттық іс-әрекетінің негізі болуы, берілетін білім мен балалардың патриоттық іс-әрекеті арасында байланыстың болуы;

- балалардың патриоттық сезіміне ықпал ететін материалдардың қамтылуы;

- балалардың танымдық, белсенділік іс-әрекеттеріне ықпал ету, топтағы қамтылған материалдар олардың санасына, көңіл-күйіне әсерлі болуын ескеру;

- сабақтың құрылымы, мазмұны, қолданылатын әдістері мен тәсілдерін айқындауда патриоттық бағыттарына баса көңіл аударылуы керек.

Патриоттық тәрбие мәселесі адамзат тарихының өн бойындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан мақсат болғандықтан, балалардың бойындағы Отанға деген сүйіспеншілігін, яғни патриоттық санасын дарытуда халқымыздың біртуар ұлы, ержүрек қолбасшы, жазушы, Қазақстанның Халық Қаһарманы батыр Бауыржан Момышұлы ағамыздың кейінгі ұрпаққа үлгі етіп қалдырып кеткен өсиеттерінің және ерлікке толы шығармаларының алатын орны ерекше. Мысалы, соғыс жылдарында Бауыржан Момышұлы ағамыз Ата мекен жер үшін, Қасиетті ел үшін, Әзиз ана, қарт ата, Ботакөз сұлу қарындас Күң, құл бомасын, - деген жыр жолдары арқылы жауынгерлерге рух беріп, ерлік істерге шақырады.

Бауыржан Момышұлы өз шығармаларында патриотизмге, ерлікке, батырлыққа байланысты біршама терминдерге анықтама берген. Патриотизм дегеніміз – Отанға деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығының қоғамдық-мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстығын сезіну, ал мемлекетті нығайту дегеніміз – жеке адамды күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм мемлекет деген ұғымды жеке адаммен, яғни оның өткенімен, бүгінгі күнімен және болашағымен қарым-қатынасты білдіреді.

Ерлік дегеніміз – табиғат сыйы емес, ең алдымен, өзінің ар-намысын және адамзаттың қасиетті абыройын ұятқа қалу, опасыздық пен маскара болу сезімінен қорғай отырып, адамның ең ұлы сезімін – азаматтық парызын орындау үшін, осындай адамгершілік теңдікті өзімен сайысқа түсе отырып тұтас ұжым өмірінің игілігіне ғана емес, оның қауіп қатерін де бөлісіп, жауды барынша жою, жанға-жанмен, қанға-қанмен аяусыз кек алу жолымен жеке басыңды және отандастарды қауіпсіздік етуге ұмтылу, саналы түрде қауіп-қатерге бас тігу.

Батылдық – кимыл, әрекет есебін тәуекелдеумен үйлестіре алушылық.

Табандылық – батырлардың қалқаны.

Әжеттілік, қайсарлық – адамның тіпті мүмкін емес деген жағдайдың өзінде абыроймен өлімге бас тігуге тәуекел етушілік, игілікті құлшыныс.

Сондай-ақ, Бауыржан ағамыз халықты ерлікке, патриоттыққа тәрбиелеуде артына көптеген мақал-мәтелдер, жақсы сөздерін қалдырған.

Мысалы:

- Намысты нанға сатпа.
- Өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу – сатқындық.
- Именіп жүріп көрген игіліктен – қарсыласып жүріп көрген бейнет артық.
- Өтіріктің балын жалап тірі жүргенше – шындықтың уын ішіп өлген артық.
- Ерлік – елдің қасиеті, жүректілік – жігіттің қасиеті.
- Ешкім іштен батыр болып тумайды: батырлық та, мінез секілді өскен орта,

көрген тәрбиеге байланысты қалыптасады.

• Батырлық тәуекел мен ақылдың есебінен шығуға тиіс. Тәуекел кейде ақылды да ақтап алады. Ал ақылсыз тәуекелді ештеңе де ақтап ала алмайды.

• Ерлік – тайсалмас табандылық пен қайыспас қайсарлықтан шығады.

• Өршіл рухтан – өлмес ерлік туады.

• Белдескеннің – белін сындыр, тірескеннің – тізесін бүктір.

• Ептілік те – ерлік.

• Қолбасшы болсаң сондай бол – жосылып жатқан жолдай бол.

Осындай тағы да басқа батырлық, ерлік, тәлім-тәрбие, өсиет, тағлым туралы біздерге өсиет сөздер қалдырған.

Ұлтжандылық – халықтың рухани және материалдық игіліктерін көбейтуге арналған жігері, қайраты. Ұлтжанды деп еңбекқор, іскер, талапты, ойшыл, ізденгіш, ұлттық мұраттар жолындағы абзал істің иесін айтамыз» – деп сипаттайды.

1999 жылы баспадан шығарылған «Қазақ тілінің сөздігінде» – «Ұлтшылдық біріншіден – ұлт мүддесіне жан-тәнімен берілушілік, ұлтжандылық, ұлтын ерекше сүйушілік. Екіншіден – ұлт мүддесін, ұлт ерекшелігін қорғау ұранын пайдаланып ұлттар арасына іріткі салушы буржуазиялық кертартпа саясат пен идеология».

«Педагогика және психология сөздігінде»: «Ұлтжандылық – өз ұлтының тілін, ділін, дәстүрін сүйудің белгісі. Ұлтжандылық өз ұлтының мәдениетін, әдебиетін, дәстүрін қадірлейтін, ұлттық намысты қорғай білетін адамның қасиеті» – деген анықтама берілген. Орыстың ұлы жазушысы В.Распутин мынадай түсініктеме беріп кеткен: «Ұлтшылдық - өзінің анасын жақсы көру сияқты. Әр адамның өз анасы өзіне ыстық. Ол ең дана, ең мейірбан, ең ақылды,

ен сұлу қысқасы жұрттың бәрінен артық қасиетті жан. Оған ешкім жетпейді. Онымен ешкім тең келмейді. Бірақ дүниедегі ең тамаша асыл жан менің анам деп түсіну – басқа аналарды жек көру, немесе кемсіту болып табылмайды. Мен барлық аналарды құрметтеймін, алайда, өз анама өмір бойы қызмет етемін».

Балалардың патриоттық қасиеттерін қалыптастырудың қайнар көзі – қазақ елінің тарихы, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, табиғат ерекшеліктері мен табиғат ресурстары туралы түсініктері, ел экономикасының даму заңдылықтарымен қазіргі жаһандану кезеңіндегі даму деңгейі, мемлекеттік рәміздер сияқты ерекшеліктеріміздің психологиялық-педагогикалық мәнін зерттеп, өзіндік қайталанбас белгілерінің негізінде патриоттық қасиеттерін қалыптастыру бүгінгі күннің талабы болып отыр. Осы қасиеттерді қалыптастыруда төмендегідей қоғамдық талаптар ескеріледі:

1. Әлемнің жаһандану жағдайында қоғамның қазіргі даму кезеңінде болып жатқан саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік және т.б. өзгерістердің, ұрпақ тәрбиесіндегі бетбұрыстардың білім және тәрбие беру жүйесінің ісін жаңа сатыға көтеру қажеттілігіне көңіл бөлуді талап етіп отыр.

2. Балалардың патриоттық қасиеттерін қалыптастыруда тәрбие құралы ретінде жан-жақты дамыған патриот тұлға ретінде тәрбиелеп, қалыптастыруды жүзеге асыруды, олардың бірегей ұлттық дәстүрлерге, ұлттық идеяға, көзқарасын, халқының тарихын, ділін, ұлттық қасиеттерін, ұлттық экономиканың дамуы, қалыптасуы мен оның халыққа қызмет етуін, еліміздің рәміздерін біліп, ұлттық патриоттық мақтанш сезімін оятудың қажеттілігін талап етеді.

3. Қазақстан жағдайындағы жаңа өмірге көзқарас тудыруда, ұлттық құндылықтарды айқындап көрсетумен қатар, ұлттық патриоттық қасиеттерді қалыптастыруда рухани мәдениетті дамытудың қозғаушы күштерін дәлелдеп, оның тәрбиелік қолданбалы тәсілдерін меңгертуде маңызды фактор болуын ескереді.

4. Өркениетті қоғамға сай білімді, іскер, шығармашыл, күзіреттілігі мол өз еркімен жауапты шешім қабылдай алатын, оның салдарын болжай білетін, ынтымақтастыққа икемді, жан-жақты белсенді, елінің тәуелсіздігі мен егемендігін сақтауға, салт-дәстүрлеріне, әдет-ғұрпына, рәміздеріне үлкен құрметпен, жауапкершілікпен қарайтын жеке тұлғаны тәрбиелеуді талап етеді.

Балалардың патриоттық қасиеттерін қалыптастыруда жоғарыда аталған қоғам талаптарын ескере отырып, қалыптастырудың үш компонентін бөліп алынды: эмоционалды-мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік. Сонымен қатар, осы компоненттерді анықтаудың өлшемдерін, көрсеткіштері мен деңгейлері анықтады (3-кесте).

3-кесте – Балалардың патриоттық қасиеттерін қалыптастыру компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері.



Компоненттері	Өлшемдері	Көрсеткіштері
<b>Эмоционалдық-мотивациялық</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- патриоттық қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған балалардың жағымды эмоционалдық көзқарасы;</li> <li>- өз Отаны Қазақстан Республикасына саналы патриоттық сүйіспеншіліктің болуы.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- патриоттық қасиеттерді қалыптастыру құралы ретінде сезінуі;</li> <li>- патриоттық сипаттағы эмоционалдық сезіммен қажетсінуі;</li> <li>- патриоттық мазмұндағы қызығушылығы мен аялы көзқарасы;</li> <li>- Қазақстан Республикасының экономикалық өркендеуі, оны әлемнің дамыған елдері қатарынан орын алуы міндеттеріне қызмет етуді қалау және оған ұмтылу;</li> <li>- Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, мәдени, геосаяси жетістіктеріне ұлттық мақтаныш сезімнің болуы;</li> <li>- Қазақстанды мекендейтін халықтардың еркін дамуына, тіліне, дініне, мәдениетіне, әдеп-ғұрпы мен салт-дәстүріне қызығушылықтың болуы;</li> <li>- еліміздің рәміздеріне құрметпен қарау қатынастың болуы.</li> </ul>
<b>Мазмұндық</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- патриоттық қасиеттерді қалыптастырудағы мазмұндылығы және толықтылығы;</li> <li>- патриоттық қасиеттерді қалыптастырушы мәні, маңызы туралы блімдердің болуы.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- патриоттық қасиеттерді қалыптастырудағы мүмкіндіктерін білуі және түсінуі;</li> <li>- патриоттық қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған үдерістер;</li> <li>- патриоттық қасиеттерді қалыптастырушы мәліметтердің өзіндік ерекшеліктерін көре білуі.</li> </ul>
<b>Іс-әрекеттік</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- өзінің білімін практикалық іс-әрекетте пайдалана білуі және пайдалануға талпынысы;</li> <li>- қоғамдық саяси-іс-әрекетті тиімді жүзеге асыруда патриоттық қасиеттерді қалыптастырудағы мазмұнын пайдалана білуі.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- патриоттық қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған мазмұнына талдау бере білуі - өзінің патриоттық көзқарасын көрсете білуі;</li> <li>- патриоттық қасиеттерді тұлғалық құндылық ретінде қабылдайды, мінез-құлық пен іс-әрекетте оларды қарым-қатынасты үнемі пайдалануға ұмтылады.</li> </ul>

Балаларды патриоттық рухта тәрбиелеу тек қоғам мен мемлекеттің сұраныстарына ғана емес, әрбір баланың дара тұлғалық дамуына бағытталған педагогика ғылымының қазіргі бағыттарына да сәйкес келуі қажет. Өйткені отанға сүйіспеншілік адамның өзін тұлға ретінде сезінуіне, өз елін мақтан тұтуына, өзін онымен байланысты сезінуіне мүмкіндік береді, рухани және адамгершілік құндылықтарының артуына септігін тигізеді.

Қоғамның әлеуметтік даму жағдайына байланысты қоғамда патриоттық құндылықты қалыптастыру факторлары:

- мемлекетіміздің тәуелсіздігі мен егемендігін сақтау, еліміз бен жерімізді ұрпақтан-ұрпаққа аманаттап отыру;
- ұлттың ұлт болып қалыптасуының негізгі белгісі ұлттық тіл, яғни, қазақ тілін ұлтаралық тілдер мәртебесіне жеткізу;
- мемлекеттік тіл ретінде дамып, қалыптасуын жетілдіру әр азаматтың міндеті болып табылуы қажет;
- мемлекеттік тіл, ресми және республикада тұратын басқа халықтардың тіліне деген құрмет;
- ұлттық тарихи және мәдени мұраларға деген сүйіспеншілік пен құрмет;
- ұлттық экономикалық даму процесіне өз үлесін қосу;
- табиғатты қорғау және экологиялық мәдениетті қалыптастыру;
- әлемдік техникалық прогрестің алдыңғы қатарынан көріну, Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясына сәйкес кәсіби мамандар қалыптастыруға жағдай жасау, т.б. қамтылады.

#### **МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕНІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Қоғамның жаңа әлеуметтік даму жағдайында мектепке дейінгі ұйымдарда патриоттық тәрбие беру барысында стратегиялық және тактикалық жағдайларды іске асыруда алдымызға қойған негізгі талаптарды шешу көзделді:

- патриоттық тәрбие беру үрдісінде ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара байланыстыра отырып, тұлғаның бойындағы патриоттық құндылықтарды қалыптастыру;
- жүйелі-ұйымдастыру – балабақша, мектеп, отбасы және әлеуметтік ортаны өзара сабақтастыра отырып, мақсатты түрде оқушыларға патриоттық тәрбие беруді ұйымдастыру;
- оқушылардың жас және дара ерекшеліктерін ескере отырып, патриоттық тәрбие берудің мазмұнын, формалары мен әдістерін нақты пайдалана білу;
- аймақтық ерекшеліктерді ескеру, туған елге, жерге, ауылға, қалаға, т.б. сүйіспеншілігі арқылы, ұлттық және Қазақстандық, жалпыадамзаттық патриотизмді қалыптастыру;
- кешенді ықпал ету арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан патриоттық, әлеуметтік құндылықтарды, тәжірибелерді жүйелі түрде пайдалану.

Патриотизмнің қалыптасуының тарихи алғышарттарына ғылыми талдау жасау барысында балаларға патриоттық тәрбие берудің әдіснамалық негізін тұлғалық, іс-әрекеттік, әлеуметтік, аксиологиялық, мәдениеттану, өркениеттік, жүйелілік тұғырларын саралай отырып, бүгінгі оқушы-жастарды тәрбиелеудің тұжырымдамасы теориялық тұрғыда негізделді (Кесте 4).

Әдіснамалық тұғырлар	Тұлғаның бойындағы патриоттық құндылықтарды қалыптастыру жүйесі
Танымдық (В.И.Загвязинский, Г.К.Нұрғалиева, т.б.)	Жалпыадамзаттық құндылықтар. Ұлттық құндылықтар. “Адам-Қоғам-Табиғат” жүйесіндегі құндылықтар. Жаңа әлеуметтік

	қауымдастықты түсіну және қабылдау. Тұлға – қоғамда және қоғамдық дамудағы негізгі құндылық.
Мәдениеттану (М.Н.Скаткин, И.Я.Лернер, В.В.Краевский, А.Сейдімбек, Ж.Наурызбай, т.б.)	Тұлғаны жалпыадамзаттық мәдениетті меңгеруге бейімдеу. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан ұлттық мәдениеттің жиынтығының тұлға бойында көрініс беруі. Мәдениет аясында жеке тұлғаның өзін-өзі іске асыруы.
Өркениеттік (Г.Б.Корнетов, т.б)	Жалпыадамзаттық мәдениет пен құндылықтарды тұлға бойына меңгертуге ықпал ету. Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды кіріктіру арқылы жалпыадамзаттық патриоттық құндылықтар жүйесін қалыптастыруға бейімдеу.
Жүйелілік (С.А.Смирнов, Г.А.Уманов, Т.С.Сабыров, т.б.)	Ақиқатты жүйелілік тұрғыдан қабылдау. Ұлттық, қазақ, қазақстандық, жалпыадамзаттық патриоттық құндылықтар жүйесі тұрғысынан іске асыруға бағыттау.
Тұлғалық (Л.С.Выготский, С.Л.Рубинштейн, А.А.Бейсенбаева, Ж.И.Намазбаева, т.б.)	Тұлғаны құндылық ретінде қабылдау. Тұлғаның субъектілік тәжірибесінің ерекшелігі (даралығы). Тұлғаның әлеуеті мен мәндік күшін ашуға бағыттау. Тұлғаның қатынастар жүйесі мен бағдарының өзара әрекеттесуі.
Іс-әрекеттік (С.А.Смирнов, Ж.А.Қараев, т.б.)	Объектінің біртұтастығын және оның тетіктерін ашуға бағыттау. Алдына мақсат қоя білу, іс-әрекетін жоспарлау, бақылау, баға беру.
Әлеуметтік (А.М.Новиков, А.В.Мудрик, В.А.Сластенин, З.У.Кенесарина, т.б.)	Тұлға тәрбиесі - әлеуметтендіру үрдісі. Тұлғаның дамуына ықпал ететін әлеуметтік орта мен тәрбиелік кеңістікті орнықтыру. Әлеуметтік қарым-қатынас негізінде тұлғаның патриоттық құндылығын қалыптастыруға бағыттау.

#### 4-кесте – Балаларға патриоттық тәрбие беру мәселесін зерттеуге қажетті әдіснамалық тұғырлар

Балаларға патриоттық тәрбие беру мәселесін зерттеуге қажетті әдіснамалық тұғырларға төмендегідей талдау жасалынды.

Танымдық әдіснамалық тұғырлар – тәрбиеленіп отырған ортаның, ұлттың, қоғамның, мемлекеттің, аймақтың мәдениетін баланың қолдана алуы.

Бала – отбасының жеміс берер гүлі, алтын тіреу діңгегі болғандықтан да, тәрбиенің негізі осы кішкентай нәресте кезден басталуы керек. Ұлттық тәрбие бесіктен басталады. Отбасындағы ата мен әженің, әке мен шешенің, апа-қарындас, аға-інінің бір-бірімен күнделікті өмірдегі қарым-қатынасы, мінез-құлқы – ұлттық тәрбиенің бастау бұлағы. Этностық тәрбие – жеке тұлғаның этноәлеуметтік рольдер жүйесін игеруін мақсатты түрде реттеу.

Балалардың мәденилік принципін мәні бала тәрбиеленіп отырған ортаның, ұлттың, қоғамның, мемлекеттің, аймақтың мәдениетін қолдана алуы.

Н.Б.Крылова бойынша мәденилік принцип – метапринцип, тәрбие мен білім беру, бір жағынан, мәдениеттің ерекшеліктері мен талаптары бірқалыпты болса, екінші жағынан, әлеуметтік қайта құруға қабілетті, яғни тек қана оның нормалары мен құндылықтарын тасымалдаушы ғана емес, жаңа мәдени формаларды ұйымдастырушы. Тәрбие мен білім берудің қабілеттілігі -

мәдениеттің мәнін, қарқынын, мазмұны мен компоненттерін көрсетіп, мәдени өзін-өзі анықтауға және сәйкестілендіруге (идентификациялауға) шарттар тудыру. Бұл принцип бойынша тәрбие мен білім беру жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде пайда болып, оларға қайшылыққа келмейтін этно-ұлттық мәдени құндылықтар мен нормалар және аймақтық дәстүрлерге сәйкес құрылады.

Өркениелік тұғырлары – өмір бойы жалғасатын біртұтас үздіксіз үрдіс, оның даму барысында адамның этнос субъектісі ретінде этностық құндылықтарды, этноәлеуметтік рөлдерді және өз халқының салт-дәстүрлерінде шоғырланған этностық нормаларды меңгеруі, этностық өзіндік санасын оятып, өз ұлтына, тіліне, тарихына, мәдениетіне деген мақтаныш сезімін және басқа ұлт өкілдеріне сыйластық, түсіністік сезімін қалыптастыру болып табылады.

Тұлғалық тұғырлар – әр ұлт өзінің ұлт болып қалыптасуында өзінің рухани мәдениеті: әдебиеті, өнері, ғылымы арқылы мінез-құлық, болмыс, сана-сезім ерекшеліктерін анық көрсетеді. Сөйтіп, өзінің өмір сүру ұзақтығы, мәдениетінің ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, ұлт бастамасы «баланың» өз мәдениетіне ену мүмкіндігімен анықталады.

Іс-әрекеттілік – когнитивті, аффективті, мінез-құлықтық сәйкестілік компоненттері арқылы анықталады. Олар:

Когнитивті компонентке жас ерекшелігіне этникалық өзіндік идентификация, ана тілін үйренуге талпыныс, өз халқының және басқа да этностардың тарихын, мәдениетін және ұлттық ерекшеліктерін білу жатады.

Аффективті компонентке жеке тұлғаның сезімінде көрінетін сипаттамалар кіреді.

Мінез-құлықтық компонентке мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың әрекетіндегі білім, эмоция, сезімдердің көрінуі, мінез-құлық ережелерін сақтауы жатады.

Әлеуметтік тұғырлар – құндылықтарды, этноәлеуметтік рөлдерді және өз халқының салт-дәстүрлерінде шоғырланған этникалық өзіндік санасын оятып, өз ұлтына, тіліне, тарихына, мәдениетіне деген мақтаныш сезімін және басқа ұлт өкілдеріне сыйластық, түсіністік сезімін қалыптастырады.

Корыта келе, мектепке дейінгі жастағы балаларды патриоттық тәрбиелеу ерекшеліктері айқындалғаннан кейін, мынадай талаптар туындайды:

1) мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбие мен оқытудың мазмұны, түрі және әдістері гуманизм мен қоғамды демократияландыру рухына сәйкес құрылуға тиіс;

2) мектеп жасына дейінгі кезеңнің ерекшелігі сол, бұл кезеңде баланың адамгершілік қасиеттері, білімдік дағдылары мен икемділіктерінің негізі қалыптастырылуы қажет;

3) мектеп жасына дейінгі кезеңге қойылатын аса маңызды талап – балалардың танымдық қызығушылықтарын қалыптастырып, білімдерін жинақтау мен жүйелеу, олардың айналадағы құбылыстар туралы негізгі түсініктері мен қарапайым ұғымдарын қалыптастыру;

4) балаға мектепке дейінгі ұйымдарда педагогикалық үдеріс арқылы қазақстандық рухани құндылықтарға сай адамгершілік, мәдениет негіздері дариы. Ұлттық мінез-құлық, талғампаздық, талғам, ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп қалыптастыру;

5) мектепке дейінгі ұйымдарға оқу және тәрбие мәселелерін шешуде өзіндік білімін пайдалана алатын, танымдық әрекеттері мен ойлануы жеткілікті даму деңгейіне көтерілген, жоғары білікті мамандар даярлау;

6) баланың қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауына, әлеуметтену процесіне ерекше көңіл бөлу.

Мектепке дейінгі ұйымдарда патриоттық тәрбие процесіне тән ерекшеліктер:

- мақсатты бағыттылық (мақсаттың түсінікті болуы нәтиже тиімділігінің кепілі);

- мақсаттар бірлігі (тәрбиеші мен тәрбиеленушінің арасындағы қызметтестіктің көрсеткіші);

- нәтиже ұзақтығы (оқу процесіндегідей нәтиже бірден көрінбейді);

- көп жағдаяттылығы (тұлға көп әрі сан қилы ұнамды да, ұнамсыз да ықпалдарға кезігеді. Тәрбие барысында олар реттеледі. Тараптардың тұлғаға болған ықпалы өзара сәйкес келсе, тәрбие нәтижесі тиімді болады.

- ауыспалылығы (тәрбиеленуші мақсатты, көзделген және кездейсоқ әсерлерге бірдей кезігіп отырады).

- үздіксіздігі (ешқандай науқанды, бір мәртелік шара қаншама жарқын болмасын, аса ыждағаттылықпен жүйелі дайындалған тәрбие істерінің орнын баса алмайды);

- баламалылығы (тәрбиеленушілер даралық ерекшеліктері және әлеуметтік тәжірибесінің әр түрлілігімен ажыраларды. Тәрбие процесінде бұлар ескерілуі шарт, себебі әсері бірдей болғанның өзінде де тәрбиелік нәтиже әрқилы болуы ықтимал);

- екі тараптылығы (тәрбиелік ықпалды жүргізуші – тәрбиеші, ал ықпалды қабылдаушы – бала);

- тәрбие процесі – өмірлік, ол қозғалмалы да ауыспалы;

- тәрбиеші тұлғасы – тәрбие барысына ықпалды маңызды жағдаят (тәрбие процесінің өнімді болуының кепілі – тәрбиеші ептілігі, шеберлігі, құндылықты бағыт-бағдары, қызметтестік қатынасқа түсе білу қабілеті);

- қарама-қайшылықты болуы (қарама-қарсылықтар тәрбиенің қозғаушы күші ретінде қарастырылады).

Тәрбиенің негізгі қайшылықтары оқу-тәрбие процесінде кездесетін келесідей құбылыстар арасында көрінеді: қоғамдық өмірдің жаңа шарттары мен оған дайындауға арналған әдістер мен формалардың ескіруі; адамның табиғи даму мүмкіндіктерінің шексіздігі мен бұл дамудың әлеуметтік жағдайлар бағдарламаларына тәуелді шегерілуі; адамның табиғатпен белсенді, әрекетшен болуы, оның қоғамдық өмірге араласу ынта-ықыласы мен өмірлік процеске нақты қатысу үшін қажет тәжірибе, білім, ептілік пен дағдылардың жетіспеуі және т.б.

## «МЕНИҢ ЕЛІМ – МЕНИҢ ЖЕРІМ» ТӘРБИЕ-БІЛІМ БЕРУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ІЛГЕРІЛЕМЕЛІК ЖОСПАРЫ – АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС

Сәбидің бойында ең алдымен анасына, өз отбасына, өз үйіне, туған жеріне деген жылы сезім, махаббаттан бастау алатын, тұлға есейген сайын біртіндеп ұлт, халық, әлеумет, мемлекет деңгейіне көтеріле беретін бұл сезім адамның бүкіл ғұмырына жалғасып жатады.

Махаббат, мейірімділік туралы, әсіресе, «Мейірбанды бала», «Шеше мен бала», «Аурудан аяған күштірек» деген Ыбырай Алтынсариннің үш әңгімесін алуға болады.


Махаббат, мейірімділік ата мен ананың үй-ішіне деген махаббатынан басталады. Адамгершілікті ту қып көтерген ұлы адамдар да алдымен өз атасын, өз туғандарын сүйеді. Олардың кейбіреулері өсе келе тек «атасының баласы болмай, адам баласы» бола біледі. Тек өзіме ғана болсын деген мешандық көзқарасты аттап өтіп, адам деген ардақты атқа ие болушылардың шын бақыты үшін қол созады.

«Мейірімді бала» әңгімесінде 13 жасар қыз патшаның үкімі бойынша қолы кесілуге бұйырылған әкесі үшін патшаға арыз етіп, өз қолын кесуге ұсынады. Қыз: «Тақсыр, жұмыс жасап, бала-шағаларын асырайтын атамның қолын қалдырып, мына менің қолымды кесіңіз», - дейді. Мұнда жас қыздың тек қана атасы емес, анасы мен бауырларына деген де махаббаты суреттеледі.

Ананы қандай түрде бағалап, қалай сүюдің айқын үлгісін жазушы «Аурудан аяған күштірек» деген әңгімесінде айқын көрсеткен. Бұл әңгімеде аяғы сынған Сейт деген бала жанына аяғының ауруы қанша батса да, анасын ренжітпеу үшін қабақ шытпағандығы айтылады. Автор бұл көріністі былай суреттейді: «Сейт орам-ораммен жүгіріп бара жатқанда, бір арбалы келіп, аңдаусыз соғып кетіп, аяғын сындырыпты. Ойбайлап жылап жатқан баласын көріп, шошынғаннан шешесі талып қалыпты. Мұны көрген соң Сейт жыламақ түгіл, сынған аяғын орнына салып таңып жатқанда да дыбысын шығармай, қабағын да шытпай жатты. Сонда сынықшы кісі: «Аяғың ауырмай ма, қабағыңды шытпайсың?» - деп сұрайды. Сейт шешесі шығып кеткен соң, демін алып, сынықшыға сыбырлап: «Ауырмақ түгілі, жаным көзіме көрініп тұр, бірақ менің жанымның қиналғанын көрсе, әжем де қиналып жыламасын деп жатырмын», - деді.

Сейт шын мәнінде мейірімді бала болып суреттеледі. Мұндай жастарда жалпы адамды сүйетін жақсы мінездің біртіндеп өсетіндігі сөзсіз. Бала кезінен әлпештеп өсірген анасының қадірін білген жас, алақанына салып аялап, тәлім-тәрбие беріп отырған ұлы анасы – Отанын сүйетін, ол үшін де өз жанының ауырғанына ыңқ етпейтін нағыз отаншыл болып шығады. Ыбырайдың бұл әңгімесінің идеясы – осы.

Әрбір сабағымызда Қазақстан елінің күнделікті тұрмыс-тіршілігі, оның жетістіктері туралы айтып отырсақ, оқушылардың да өз еліне деген сүйіспеншілік сезімдері қалыптасады. Менің ойымша мұндай ұстанымдар «шынайы патриотизм» түсінігінің мәнін ашып көрсетеді. Еліміздің әрбір азаматы өз елінің патриоты болсын десек, оның бойындағы патриоттық сезім отбасында, балабақшада қалыптасуы тиіс деп ойлаймын (5-кесте).



5-кесте – Патриоттық құндылықтары қалыптасқан тұлға

Бала тәрбиесі – өте күрделі процесс. Оның күрделілігі бесіктен бастау алып, үнемі уақытпен, бала көңіл-күйімен, жеке қабілетімен, икемділігімен, тізгінді үнемі қадағалау қажеттігімен ұғындырылады. «Тәртіптің ең тамаша мектебі – отбасы», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің»- дейді халқымыз.

Ұрпақтың тәрбиесі – қоғамның болашағы және оған аса зор жауапкершілікпен қарау әрбір саналы азаматтың борышы. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе»,- деп М.Әуезов көрегендікпен дәл айтты емес пе?! Бала тәрбиесінің дұрыс жолға түсуі оны қоршаған ортаға, әсіресе, отбасы мен ұстаздар қауымының парасаттылығына байланысты. Мемлекетімізде қазіргі

таңда сапалы білім берумен қатар, болашақ жастарды рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің де зор қажеттігі туындап отыр. Әлеуметтік жағдайлардың өзгеріске ұшырауы білім беру мекемелеріндегі тәрбие жұмыстарын тоқырауға әкелді. Қазіргі кезеңде тәрбиеге және тәрбие жұмыстарына деген жаңаша көзқарас қалыптасуда, олардың ізгілік мәні тереңірек ашылуда.

Тәрбие жұмыстары әр баланы қайталанбас тұлға ретінде қарап, оның өзгеше қасиеттерін дамытуы қажет. Әрбір бала – тұлға, өзінше бір әлем, ал, әр педагогтың міндеті әр тұлғаны көре білу, жүректеріне жол табу. Бүгінгі күнде барлық педагогтардың алдындағы мақсат өмірдің барлық саласында белсенді, шығармашылық іс-әрекетке қабілетті, еркін тұлға тәрбиелеу болып табылады.

Халықтың болашағы – ұрпағы, ұрпақтың тәрбиесі – педагогтарда, педагогтардың мұраты – жетілген, толыққанды азамат тәрбиелеу. Ал, толыққанды азамат қалыптасу үшін – ақыл-ой тәрбиесі, имандылық, еңбек, эстетикалық, тілдік қатынас, дене тәрбиесі, сонымен қатар, экологиялық, экономикалық, патриоттық тәрбие берілуі тиіс.

Тәрбиенің қалыптасуы – педагог, бала, ата-ана еңбегімен байланысты екендігі айқын. Демек, бұлар береке-бірлікпен жұмыс істеп, бұзылмайтын, айнымайтын темір тәртіпке бас игенде ғана іс оң нәтиже таппақ. Бұл ұлдың еркіндігіне, қыздың шіркіндігіне қойылатын жоғары талап. Сондықтан да, осы үш негіз бірлесе отырып жұмыс жасаса өкінбейтініміз анық.

Тәрбие мәселесін тек бала бақша мен педагогтар қауымының мойнына арта салумен іс бітпейді. Оның нәтижелі болуы ата-аналар мен қоғамдық ортаның тәрбие ісінен шет қалмай белсене араласуына, адам тәрбиелеудегі жауапкершілікті бірлесе көтеріп, жұмыла істеуге тікелей байланысты. Ол жөнінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заң жобасында: «Ата-аналар балалардың өмірі мен оқуы үшін олардың денсаулықтарын, рухани әрі дене қуатының қауіпсіз дамуын, адамгершілігі жағынан дұрыс қамтамасыз етуге міндетті», - делінген.

Тәрбие үрдісінде педагогтың білім өрісі мен әдіскерлік шеберлігі, жеке басының үлгісі, шешуші роль атқаратынын ұмытуға болмайды. Балалар өз тәрбиешілерінің жүріс-тұрысына, мінез-кұлқына, іс-әрекетіне, дүниетану көзқарасына еліктемей тұра алмайды. Орыстың ұлы педагогы К.Ушинский: «Тәрбиенің қайнар көзі тек адамның жеке басының өнегесіне негізделген. Ешқандай жарғы да, бағдарлама да, ешқандай орынның жасанды әрекеті де оның орнын баса алмайды», - деп текке айтпаған.



### Тәрбие сағат жоспары – ата-аналармен жұмыс

№	Іс-әрекет мазмұны (шаралар)	Қатысушылар
1	«Бейбіт өмір сыйлаған Ата Заң»	Ұстаздар
2	«Конституция – ең маңызды Заң»	Балалар, тәрбиешілер, қонақтар, ата-аналар
3	«Қазақстан-2050» Стратегиясы: бір халық, бір ел, бір тағдыр»	Балалар, тәрбиешілер, қонақтар, ата-аналар
4	Білім күніне арналған тәрбие сағаттары	Балалар, тәрбиешілер, қонақтар, ата-аналар
5	Отбасы күні	Балалар, тәрбиешілер, ата-аналар
6	Абайлаңыз, балалар!	Балалар, тәрбиешілер, ата-аналар
7	Мемлекеттік тіл – менің тілім!	Балалар, тәрбиешілер, ата-аналар
8	Тұңғыш ғарышкер – Тоқтар Әубәкіровтың ғарышқа ұшқан тарихи күні	Балалар, тәрбиешілер
9	Тәуелсіз Қазақстанның рәміздері	Балалар, тәрбиешілер, ата-аналар
10	«Мемлекеттік рәміздер – біздің еліміздің, тәуелсіздігіміздің ажырамас бөлігі»	Балалар, тәрбиешілер, қонақтар
11	Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ	Балалар, тәрбиешілер, ата-аналар
12	Бүкіләлемдік балалар күні	Балалар, тәрбиешілер, ата-аналар
13	Елбасымен жасампаздық жолында	Балалар, тәрбиешілер, ата-аналар
14	Қазақстанның тарихи табыстары	Балалар, тәрбиешілер
15	Елім менің	Балалар, тәрбиешілер, ата-аналар
16	«Мемлекеттік рәміздерге деген көзқарасың»	Балалар, тәрбиешілер, ата-аналар
17	Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік!	Балалар, тәрбиешілер, ата-аналар
18	Құқықтық сауаттылық – құқықтық мәдениеттің алғы шарты	Балалар, тәрбиешілер, ата-аналар
19	Өз еліңнің тарихын білесің бе?	Балалар, тәрбиешілер
20	«Ұланымыз ұлы елдің»	Балалар, тәрбиешілер, ата-аналар
21	«Бұл — біздің Ту», «Бұл — біздің Елтаңба», «Бұл — біздің Әнұран»	Балалар, тәрбиешілер
22	Армысың, әз-Наурыз!	Балалар, тәрбиешілер, ата-аналар
23	12 сәуір — Дүниежүзілік авиация және ғарышкерлер күні	Балалар, тәрбиешілер, ата-аналар
24	Бірлігі жарасқан- Тәуелсіз Қазақстан	Балалар, тәрбиешілер, ата-аналар

25	1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесі	Балалар, тәрбиешілер, қонақтар, ата-аналар
26	Көп ұлтты, тату елім – Қазақстан!	Балалар, тәрбиешілер, ата-аналар
27	Сайыпқыран сарбаздар	Балалар, тәрбиешілер, қонақтар, ата-аналар
28	Құрметті күзет	Балалар, тәрбиешілер, қонақтар, ата-аналар
29	Ұрпақтарға ұран болған Ұлы Жеңіс!	Балалар, тәрбиешілер, қонақтар, ата-аналар
30	Сыңғырла, соңғы қоңырау!	Балалар, тәрбиешілер, қонақтар, ата-аналар

**Тәрбие сағатының тақырыбы:** Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік!

**Тәрбие сағатының мақсаты:** Тәрбиеленушілердің ойында елжандылық сезімін қалыптастыра отырып, туған елі мен жеріне деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу, тіліміз бен тарихымызға құрметпен қарауға тәрбиелеу.

**Тәрбие сағатының көрнекілігі:** Желтоқсан жаңғырығы тақырыбында шығарылған плакат, нақыл сөздер жазылған плакат, желтоқсан оқиғасының құрбандарына, желтоқсан оқиғасына байланысты жасалған буклеттер, магнитофон.

**Тәрбие сағатының барысы:**

Әнұраным жан ұраным

Айтар әнім, сөйлер сөзім.

Туған жерім – сағынарым

Мәңгі бақи шырқалады,

Республикам гимні.

ҚР Әнұраны орындалады.

Ортада С. Тұрысбековтың «Көңіл толқыны» күйі жай ғана ойнап тұрады.

**Тәрбиеші:**

Ерлерді ұмытса да ел, сел ұмытпас,

Ерлерді ұмытса да ел, жел ұмытпас,

Ел үшін жанын қиып, жауды қуған

Ерлерді ұмытса да ел, бел ұмытпас

Ел үшін төккен ерлер қанын жұтып,

Ерлерді ұмытса да ел, жер ұмытпас

Арканың селі, желі, шөлі, белі,

Ерлерді ұмытпаса ел ұмытпас, - деп Мағжан Жұмабаев ағамыз айтқандай

дүниені дүр сілкіндіріп, қазақ елінің бостандық туын көтерген ерлеріміз мәңгі есте қалары сөзсіз.

Бүгінгі «Қазақстан – елім менің», деген айдарымен өтілетін «Тәуелсіздік таңы - атқан күн!» атты тәрбие сағатымызды ашық деп жариялаймыз.

**Көрініс:** «Көңіл толқыны» күйі жай ғана орындалып, ортада Ана отырады. Сахна сыртынан Қайраттың рухы:

Алижан Елбең, елбең жүгірген,

Ебелек отқа семірген.  
Арғымақ мінген жаратып,  
Ақсауыт киген темірден  
Алатаудай бабалар,  
Аруағынмен жебей көр! – деген Қайраттың дауысы естілді.

**Ана:** Ойпырмай, биіктен құлаған тау суындай буырқанған тасқынды бұл үн кімдікі өзі? Жас тұлпар тұяғының дүбірі естілгендей ме өзінен? Оқыстан шыққан айқай-шуды, сол шуға бүйірі қызған дарабоздың шабысындай мына үнді қайдан естіген едім? Ойпырмай, ия, ия, сол дауыс қой мынау, Қайраттың дауысы ғой, таныдым. Тоқыраудың тоғышарлары тобықтан қағып құлатқан Қайратымыздың үні ғой бұл. Ия, ия, дәл сол! Қалай болып еді өзі?! Асылбек күйі (Детство) ойнап тұрады. (Ана ортадан ақырындап кетеді)

**Тәрбиеші:**

Ия, ол күн тәуелсіздіктің туын ең алғаш көтерген әйгілі 86-ның 16 желтоқсаны еді. Таңертеңгі сағат 10-да бар-жоғы 18 минутта 26 жыл Қазақстанды үздіксіз басқарып келген Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев орнынан түсіріліп, орнына Геннадий Васильевич Колбин ешкімнің пікірінсіз тағайындалған еді ғой.

*Арман:*

«Нашакор» деп «ұлтшыл» деп,  
Қазаққа күйе жаққан күн.  
Базары кетіп бір күнде,  
Қайғыға халық батқан күн.

*Зарина:*

Темір құрсау біздерді бүргені шын  
Мұң шағады қапаста кімге құсың.

*Динара:*

Ақ-қараңды тексерер түрме деген  
Концлагерь болды ғой біздер үшін.

*Абдурахман:*

Дүр сілкінді қайдан да қоңыр аймақ,  
Бағы жана ма қала ма соры қайнап.

*Ескендір:*

Ұран жазып қып-қызыл ту көтерген  
Бізде шықтық алаңға «Елім-ай – лап».

*Аружан:*

Бас көтеріп шықты жастар алаңға  
Тәуелсіздік орнасын деп даламда,  
Қайрат, Ләззат, Ерболмен Сәбира  
Әрқашанда батырсындар санамда.

Ортаға Сәбира, Ләззат, Қайрат, Ерболдың суреттерін ұстаған төрт оқушы шығады.

*Алижан:*

Қайрат Қайрат деген атым бар,

Қазақ деген затым бар.  
«Еркек тоқты құрбандық»  
Атам десең атыңдар!

*Қарақат:*

Ләззатқа арнау  
Еліңнің сен намысы үшін  
Құрбан еттің жаныңды  
Мазақ етіп қорлай алмас  
Ешкім сенің арыңды.

*Абдуллах:*

Тәуелсіз ел азаттығың құтты болсын!  
Ынтымақ пен, бірлігің мықты болсын.  
Өрлесін ұлылық пен қазақтығың,  
Басыңнан арылмасын шуақты күн.

**Көрініс:**

Алаң. Құлпытас жаны. М. Шаханов және қыз бен жігіт, ана, оқушы.

*Жігіт:* Алматыға жолым түсіп келе қалсам мен міндетті түрде Республика алаңына соғамын. Есіме марғау дүниені дүр сілкіндірген қасіретті де қасиетті Желтоқсан оқиғасы түседі. Себебі, алаңға егемендік үшін құрбан болған Қайратпен бірге мен де болған едім.

*Наргиза:* Мен де осы алаңға келсем, барлығы маған не айтасың дегендей болады. Ақтық сөзің армандарың хатта қалды Көріп жүрміз қиып ап сақтағанды Қайрат! Қайрат! Сен мені естимісің Лагерде сен шірітпей, ақтап алдың, - дегім келеді және келген сайын осы сөзді қайталай беремін. Ортаға ақырындап ана шығады. Тәуелсіздік монументіне гүл шоғын қояды. Жанында немересі болады.

*Ана:* Ия, айналайын, балапандарым!

Өсер елдің қай сәттерде бірлік болмақ қалауы  
Лаула, лаула Желтоқсанның мұзға жаққан алауы!  
Өздеріндей ар-намысты жас өркені бар елдің,  
Ешқашанда тиісті емес еңкеюге жалауы.

Желтоқсан құрбандарын еске алып 1 минуттық үнсіздік жарияланады.  
(Залдан көрініс қоюшылар шығып кетеді)

1992 жылы 4-маусымда Президент «Қазақстан Республикасының мемлекеттік Туы, Елтаңбасы, Әнұраны» туралы Заңға қол қойды. Ал, балалар, елтаңба туралы тақпақтарымызды айтайықшы.

*Диас:* Рәмізім – елдігімнің белгісі, Білу керек бала дағы ең кіші.

*Мади:* Рәміздерім – әнұран, ту, елтаңба, Рәміздерді жатқа білген жөн кісі.

*Даулетхан:* Қазақстан Туы Көк аспандай көкпеңбек Қазақстан жалауы. Көк емес ол тектен-тек.

*Ақзере:*

Елдің ашық қабығы.  
Ақ ниеті – алтын күн,  
Асқақ арман-қыраны.  
Жалауы бұл-халқымның,

Мәртебесі, мақтаны.

*Аида:* Елтаңбасы елімнің Елтаңбасы елімнің Неткен әйбәт, әдемі!  
Тұнығындай көңілдің Нұрай: Ортада-аспан әлемі. Құт, береке, шаңырақ, Орын  
алған ол төрден. Қанатты қос арғымақ.

*Нарлен:*

Екі жақтан көмкеркен.  
Тәуелсіздік жолында  
Талай-талай тер тамған...  
Билігім өз қолымда,  
Еркіндігім-Елтаңбам.

*Назерке:*

Гимн Гимнім – жанұраным,  
Айтар әнім – сөйлер сөзім.  
Туған жерім – сағынарым,  
Мың қайталап айтам мұны.

*Айымжан:*

Тәуелсіздік – биігі бұл санамның,  
Тәуелсіздік – таза ауасы даламның,  
Тәуелсіздік – бұл арманы бабамның.  
Тәуелсіздік – бақ дәулеті баламның!

*Әбілмансұр:*

Тәуелсіздік – менің соққан жүрегім ғой,  
Тәуелсіздік – ата-баба тілегі ғой.

*Мухамедали:*

Бар Әлемді өзіне таң қалдырған,  
Тәуелсіздік – еліміздің тірегі ғой!

*Рахманғали:*

Тәуелсіздік – шырайлы лағыл таңсың,  
Жүректерге үміт боп жағылғансың  
Аяулысың білмеген алақаннан,  
Суып барып қайтадан табылғансың.

«Гулжазира Қазақстаным» әні орындалады (хор)

*Қорытынды:*

«Ынтымақты елге ырыс енші». Аталардан қалған аңыз да соны меңзейді.  
Сондықтан бостандығымыз баянды болу үшін өзімізбен мидай араласып кеткен  
жүздеген ұлт өкілдерімен арамызға сызат түсірмеуіміз керек. Мыңға жөн айтып  
алқалы топты аузына қаратқан қаз дауысты Қазыбек би бабамыздың сөзімен  
айтқанда «Біз мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз». Бір  
сөзбен айтқанда қалайтынымыз бейбітшілік, тыныштық, бостандық, еліміздің  
босағасын нығайту. Тәуелсіздік біздің алдымыздағы жарқын болашаққа жол  
ашып берді. Біз сол жолмен алға баса береміз. Бір ата, бір ананың түлегіміз Бір  
болсын қайда жүрсек тілегіміз «Бірлік барда тірлік бар» деген бабам Бірлік деп

оқушы

бірге соқсын жүрегіміз! - дей отырып, ашық тәрбие сабағымызды қорытындылаймыз!

Мектептен тыс тәрбиені кең түрде өрістету үшін педагог-ғалым Н. Монаховтың отбасының тәрбиелік мүмкіндігін зерттеу әдістемесіне негіздей отбасының тәрбиелік мүмкіндігін айқындаудың диагностикалық картасы жасалды.

Ол үш бағытта жүргізіледі:

1. Психологиялық-қатысымдық деңгейі.
2. Адамгершілік бағыттылығы.
3. Ата-ананың педагогикалық мәдениеті (6-кесте).

Отбасының тәрбиелік мүмкіндігінің құрауыштары	Тәрбиелік мүмкіндіктің даму деңгейінің сипаттамасы		
	төмен (Т)	орташа (О)	жоғары (Ж)
Патриоттық тәрбиенің мақсаты мен міндеттерін түсінуі	Отбасында патриоттық тәрбие мақсат, міндеттері айқындалмаған	Патриоттық тәрбиенің мақсат міндеттері қоғам талабына сәйкес емес отбасының мүддесінен келіп шығады	Отбасы тәрбиесінің мақсат – міндеттерін түсінеді.
Педагогикалық және психологиялық мәдениет деңгейі	Психологиялық-педагогикалық білім деңгейі төмен. Педагогикалық оқуларға бірнеше мәрте шақырғаннан кейін әрең келеді.	Педагогикалық-психологиялық білім деңгейлері бар, бірақ әлсіз. Педагогикалық оқуларға келгенімен оған мән бермейді. Өз білімін көтерумен айналыспайды.	Педагогикалық-психологиялық даярлық деңгейі қалыптасқан. Өз білімін көтерумен айналысады.
Патриоттық тәрбие әдісі мен құралдарын өмірде қолдана білу мүмкіндігі	Патриоттық тәрбие әдістері мен құралдарын мақсатты түрде қолдана алмайды.	Патриоттық тәрбие әдістері мен құралдарын интуициясына сүйеніп қолданады, теориялық білімін өмірімен ұштастырмайды	Отбасында патриоттық тәрбиенің әдістері мен құралдарын қолдана алады. Теориялық білімді өмірмен ұштастыруға қабілетті.
Баланың патриоттық тәрбиесі үшін ата-ананың жауапкершілік деңгейі. Отбасындағы қарым-қатынас сипаты.	Жауапкершілігі жеткіліксіз, кейде мүлдем жоқ. Үйде талаптар қоймайды, оқуы мен тәрбиесін қадағаламайды, патриоттық сезім қалыптастырмайды. Отбасындағы қарым-қатынас жағымсыз, кейде адамгершілікке жат	Жалпы жауапкершілікпен қарағысы келеді, бірақ кейбір себептерге байланысты жауапкершіліксіз болады. Патриоттық тәрбие беруде жекелеген қателіктер жібереді. Отбасында айтарлықтай қарым-қатынас жоқ, кей кездері	Қоғамда бала тәрбиесіне жауапкершілікпен қарайды. Патриоттық тәрбие беруге қабілетті.

	сипаты (ішетін, төбелесетін)	түсініспеушіліктер болып тұрады.	
<b>Ата-ана беделі мен өнегесінің болуы</b>	Ата-ананың бірі немесе екеуі де бала тұлғасына кері әсер етеді.	Ата-ана өнегесінде жалған бедел, байлыққа құмарлық, сараңдық және т.с.с ауытқушылықтыр көрініс беруі мүмкін.	Ата-ананың патриоттық тәрбие берудегі өнегесі бар.
<b>Отбасы мен мектептің патриоттық тәрбие берудегі бірлігі</b>	Бірлік мүлде жоқ	Мектеппен бірлік жекелеген жағдайларда бар. Көбіне мектепке сенім білдіргенмен өздері белсеніп қатыспайды.	Отбасымен талаптары үйлесімді.

6-кесте – Патриоттық тәрбие берудегі отбасының тәрбиелік мүмкіндігінің диагностикалық картасы (Н. Монахов әдістемесі бойынша)

Сонымен, патриоттық тәрбие – мемлекеттің өміршеңдігіне әсер ететін негізгі рухани ізгі тірегі бола отырып, қоғамның дамуына, азаматтың адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына отаны үшін жан қиярлықтай іске баратын патриоттық сезім қандай да болмасын ұлт пен мемлекеттің дамуы мен күн көруін қалыптастырып негіздейтін әлеуметтік құбылыс.

Патриотизм – отанға деп жан қиятын, беріліп еңбек ететін барлық ұлттың ең жақсы әдет-ғұрып өрілген. Патриотизм бауырмалдылықпен тығыз байланыста болып, ұлтшылдық, сенаратистік, космополиттіктен алшақ. Патриотизм – отанын сүйетін әр азаматтың өзін-өзі осы жолда паш етуі жөніндегі әлеуметтік мінез-құлқы, Ресей суверинитеті мен біртұтастығын сақтауы үшін қызмет етуі, елінің ұлттық қамсыздығын, бір қалыпта дамуын қадағалауы, әр адамның, әлеуметтік топтардың, қауымның әр саласындағы ортасында жүрген халықтың өз мүддесінен отанның мүддесін жоғары қоюы.

Патриоттық тәрбие беру – жалпы тәрбие үрдістің бір тармағы бола тұра, мемлекеттік билік органдары мен қоғамдық ұйымдардың, азаматтардың отанға деген сүйіспеншілігін қалыптастыру.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде» атты еңбегінде халықтар арасындағы бірлікті нығайту, отансүйгіштікке тәрбиелеу, тіл мәдениетін орнықтыру мәселелеріне тоқталып: «Біздің тағы бір аса маңызды идеологиялық міндетіміз – Қазақстандық Отансүйгіштікке тәрбиелеу, әрбір азаматтың өзін-өзі айқын билеуін қалыптастыру. Шынайы Отансүйгіштікті, нағыз азаматтықты қалыптастыру жеке бастың өзін саяси тұрғыдан айқын сезінуін, өз Отанын саналы түрде таңдауын көздейді» - делінген.

Тәрбиедегі ең басты бағыт делінген тәлім-тәрбие тұжырымдамасында: «Әрбір адам ең алдымен өз халқының перзенті, өз Отанының азаматы болуы керек екенін, ұлттың болашағы тек өзіне байланысты болатынын есте ұстауға тиіс. Оның осындай тұжырымға тоқталуына ұлттық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер көптеп көмектеседі, солар арқылы ол жалпы азаматтық әлемге аяқ басып, өз халқының мәдени игілігін басқа халықтарға жақын да түсінікті ете алады. Сондықтан әрбір ұрпақкөз кезі мен өткеннің талаптары, объективті факторлары негізінде жас ұрпақты өмірге даярлап, оны жинақталған бай тәжірибе арқылы тәрбиелей отырып, өзінің ата-бабаларының рухани мұрасын игере түсуі керек».

Қай заманда болмасын адамзаттың басты міндеттерінің бірі - өсіп келе жатқан жас ұрпақты ақылды да саналы, тәртіпті де еңбек сүйгіш, өз халқының патриоты болатын ұрпақ тәрбиелеу екені көпке мәлім.

Әр халық ұрпағының қайырымды да адал, әділ де ержүрек, үлкенді құрметтеп, кішіге қамқор, ар ұяты мол елжанды болып өскенін қалайды. Ол үшін халық өзінің талай ғасырлар бойы жасап, әріден келе жатқан әдет-ғұрпына, салт-дәстүріне арқа сүйейді.

Патриоттық тәрбие – қоғамдық дамудың әрқилы кезеңдерін бастан өткізіп келе жатқан тарихи құбылыс. Ол қазақ халқымен бірге жасалып жатқан сезім болып табылады. Отаншылдық сезім – адамда жүре пайда болатын жеке тұлғаның саналы өмірімен қабаттас қалыптасатын психологиялық, әлеуметтік құбылыс.

Өсіп келе жатқан жас ұрпақтың патриоттық тәрбиесі ең алдымен отбасы мен бала бақшадағы білім мен тәрбиеге байланысты болса, екіншіден балаға жақын ұлттық көркем шығарманы оқу арқылы қалыптасады. Яғни, патриоттық тәрбиені бастауыш сыныптан бастап жүзеге асырудың маңызы зор. Оның себебі, бастауыш сатыдағы кезең – бала дамуының ұйытқысы, іргетасы болып, оқу әрекеті қалыптасуының өте қолайлы кезең. Сондай-ақ, бастауыш сынып оқушыларына патриоттық тәрбиені көркем шығармалар арқылы жүзеге асыруға болады.

Қорытындылай келе, патриоттық тәрбие мәселесі бойынша философиялық, психологиялық, педагогикалық еңбектер жан-жақты талданды. Патриоттық тәрбие мәселелерін ғылыми тұрғыда талдаудың қорытынды нәтижелері - патриоттық тәрбие – қоғамдық дамудың әрқилы кезеңдерін бастан өткізіп келе



жатқан тарихи құбылыс. Ол туған жерге, Отанға деген сүйіспеншілікті қалыптастыру.

Балаларға патриоттық тәрбие беру, елжандықты қалыптастырудың педагогикалық құндылығын анықтауға, мазмұндары мен әдіс-тәсілдерін бағдарлап, болжамдар жасауға мүмкіндік берді.

Қазіргі уақытта патриоттық, интернационалдық тәрбиенің маңызы көп жоғарылады. Ол дегеніміз – өз Отанына деген сүйіспеншілік, біздің еліміздің халықтар арасындағы достығы, ұлтаралық қатынастағы мәдениет, ұлтшылдық және нәсілшілдіктің көрінуіне төзбеу, ұлттық шектеушілік және ұлттық өзімшілдікке жол бермеу.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алған жағдайында патриоттық тәрбие мәселелері негізінен ұлттық дәстүрлерге сүйене отырып адамдарға ықпал ету арқылы ғана шешілуі мүмкін. Мұның бірнеше дәйектемелері бар.

Біріншіден, ұлттық дәстүрлер адамдарды халықтың материалдық және мәдениетімен туыстырады.

Екіншіден, ұлттық дәстүрлер халық зердесіне тарихи құндылықтарды жаңғыртады, ұлттық психология сипаттарын нығайтады.

Үшіншіден, халық зердесіне тарихи құндылықтарды жаңғырта, ұлттық психологияны жетілдіре отырып, ұлттық дәстүрлер адамдарды өз халқына, өз Отанына құрметпен қарауға тәрбиелейді.

Төртіншіден, Қазақстан Республикасы халқының жартысынан астамы жиырма бес жасқа дейінгі жастар, олардың өмірлік тәжірибесі аз.

Тәрбие дегеніміз – ақыл-ой дамуының, дене тәрбиесі мен кәсіпке үйретудің шоғырланған түсінігі. Тәрбие ісі тәрбиеленушіге белгілі бір бағытта, мақсатты және жүйелі әсер етіп, белгілі бір көзқарас, мінез- құлық, адамдық тәртіп дағды мен машық түрінде бірілсе ғана жемісті болмақ. Бұған, әрине жеке адамның табиғи жетіліп, өсуін де қосу қажет.

Ұлттық сезім дегеніміз – жеке адамның туған халқының мүддесіне, тағдырына, оның рухани құндылықтарына қатынасын білдіретін ұлттық санасы. Ұлттық сезім ұлттың қалыптасуына байланысты ұзақ уақыт бойы дамып, кемелденеді. Негізгі ұлттық сезім-рухани құбылыс.

Ұлттық патриотизмді қалыптастыруда дәстүрлер шешуші роль атқарады. Бұдан бұрын жазғанымыздай, қазақ патриотизмі дегеніміз-ең алдымен қазақ халқына сүйіспеншілікпен қарау, оның ұрпақтан ұрпаққа үзілмей жалғасып келе жатқан құндылықтарын бойына сіңіру болып табылады.

